

ӘОЖ:67:3.1

**ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВТЫҢ «ҰСТАЗДЫҢ ОРЛУЫ»  
АТТЫ ЕҢБЕГІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТАРИХИ ПОРТРЕТІ**

**Жұмамұратов Наурызбек Амангелдиевич**

[Nauryzbek\\_11\\_xx@mail.ru](mailto:Nauryzbek_11_xx@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты,  
Нұр - Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор Исакова К. И.

«Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы — тарих» деп Ахмет Байтұрсынұлы бекер айтпаған [1]. Өйткені, тарих — ұлттың жады. Тарихын қастерлеген ұлт қана өткеннен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарайды. Сол себепті, кез-келген ұлт өз тарихын ғылыми тұрғыда терең сараптап, халыққа танымды тұрғыда жеткізуге тырысады.

Ал бұл жолда тарихи тұлғалардың алатын орны қандай деген сұраққа, академик М.Қ.Қозыбаевтың кезінде айтқан ойларын қостаймыз. Тұлға - өз замандастарынан озық ақылы және парасаты сынды әр түрлі қасиеттерімен ерекшеленіп, халық арасында көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастырып,

ұлтжандылығымен ерекшеленетін жандар, әрі мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, сондықтан, еліміздің тарихындағы ұлы тұлғалардың өмір жолдарымен таныс болуымыз қажет және олар туралы зерттеу жүргізіп, өмір жолы жайлы танымды жұмыстар жазуға тиіспіз деп ойлаймыз [2, 4-16]. ...

Еліміздің белгілі тұлғалары қатарына жазушы және қоғам қайраткері Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановта жатады. Жазушының шығармалары ХХ ғасырдағы әр түрлі қиындықтар мен рухани қысымға тап болғанымен, қазақ халқының рухын көтеруге бағытталды. Сол шығармалар ішінде жазушының Әл-Фарабиге арнап жазған «Ұстаздың оралуы» атты шығармасының орны бөлек. Бұл туынды ғұлама ғалымды халық арасында дәріптеуде маңызды рөл атқарды. Үстіміздегі жылы ЮНЕСКО деңгейінде Әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтілуіне орай, біз жазушының еңбегі арқылы бүкіл әлем халықына танымал болған Әл-Фарабидің тарихи портретін талдауға қадам жасаймыз.

Алдымен, зерттеушілердің жазған мәліметтеріне сүйене отырып, қысқаша жазушының өміріне тоқталайық [3]. Әнуар (Әнуарбек) Тұрлыбекұлы Әлімжанов 1930 жылы 12 майда Талдықорған облысы, Андреев ауданы «Қарлығаш» аулында дүниеге келген Балалық шақта алдымен шешеден, кейін 1941 жылы ақпанда әкеден жетім қалып, Әнуар Әлімжанов «Екпінді» интернатындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған. Колхозда шопан, сүт тасушы, жанармай тасушы, тракторист сияқты тіршілік жағдайына қарай шаруашылықтың біраз саласында алғашқы еңбек мектебінен өтіп, өмірге деген көз-қарасы ерте қалыптасқан. 1947 жылы Ә.Әлімжанов Лепсі педагогикалық училищесін, 1954 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімшесін бітірген. Жазушы өзінің журналистік қызметі барысында: Облыстың «Алма-Атинская правда» газетінде; 1955 жылы «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша меншікті тілшісі; «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары; Қазақстан және Қырғызстан республикалары бойынша «Правда» газетінің тілшісі; «Қазақфильм» студиясының Бас редакторы; «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы сынды т.б. қызметтермен айналысқан.

1971-1979 жылдар Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары қызметін атқарды. 1985 жылға дейін республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы Орталық советі президиумының председателі болып қызмет атқарды.

Ә.Әлімжанов Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президиумының, Африка халықтарымен достықтың Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болды. Осындай қызметтері үшін, жазушыға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлық берілді. «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы ордендерімен марапатталып, Қазақстанның Халық жазушысы атағына ие болған.

Әлемге «Екінші ұстаз» (*al-mu 'allim al - thānī*) деген атпен белгілі ғалымның өмірі жайлы жазылған өз заманының кітаптары жоқ. Алғашқылардың бірі Захир ад-Дин әл-Байһақи (1169-1170) «Татиммат сиван ал-хикма» атты кітабында жазды. Ал ХХ ғасырда Әнуар Әлімжанов қазақтың Ағжан Машанов, Ауданбек Көбесов сынды шығыстанушы ғалымдарымен бірге ғұламаның өмірі мен ғылыми еңбектері туралы зерттеу жұмыстарын жарыққа шығарып, бүкіл Кеңес Одағына насихаттады [4]. Солардың ішінде Әнуар Әлімжановтың ғұлама жайлы жазған «Ұстаздың оралуы» еңбегі ерекше туынды. Кітап 1979 жылы жарық көрді.

Әл-Фараби туралы кітап жазуға не түрткі болды? Өздеріңіз білетіндей, Әнуар Әлімжанов КСРО заманында шет елге көп шыққан жазушы, сондықтан жазушының шет елдік достары көп болды. 1967 жылы Пәкістан мемлекеттіне кезекті сапары кезінде, Қараши қаласында Пәкістанның көрнекті суретшісі Салых Айын Әнуар Әлімжановты Орталық банк ғимаратына, сурет галереясына алып барған. Онда қазақы реңді бір кісінің домбыра ұстап тұрған суретін көре қалған Әнуар Әлімжанов: «Бұл кім?» дегенінде Салых Айын: «Бұл - Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Әбу Синадан бастап барлық ғұламаларымыздың екінші ұстазы.

Біздің осында орналасқан кітапханамызда Аристотельдің, Эвклидтің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктері, өзінің көптеген жазбалары бар», деп жауап қайырыпты. Осы оқиғадан соң жазушы «Ұстаздың оралуы» атты романды жазуға кірісіп кетті [5].

Мақалада кітапты толық қамту мүмкін болмағандықтан, Әл-Фарабидің өмір жолына тоқталып, қаншалықты шын ақпарат екенін анықтау үшін, басқа ғалымдармен салыстырып өтейік.

Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» кітабынан	Басқа ғалымдардың еңбегінен
Автор алдымен Отырар қаласы туралы сөз қозғайды: «... «Фараб»-Көрікті дегені, араб көпестері Әбу Нәсірдің туған жері, алыстағы қыпшақ қаласы Отырарды атап кеткен-ді...» деп, Әл-Фарабидің туған жері Отырар қаласы деген еді. Бұл қала араб әлемінде Александрия кітапханасынан соң, екінші орында тұратын кітапханасымен де әйгілі еді. Ғалымның ғылымға деген қызығушылығы осында оянуы мүмкін.	Бұны Әл-Фарабидің замандасы, ғалым-географ Ибн Хаукал өзінің «Китаб Масалик уа мамалик» атты географиялық еңбегінде растайды. Фараб- бұл ұзындығы мен ені бір күннен кем болатын елдің атауы, ал Фараб округінің басты қаласы болып екі мың жылдық тарихы бар Кедер-Отырар аталған. Әл-Фарабидің туған жері Весидж немесе Оксус қаласы осы Фараб аймағына жатады [6].
Әл-Фарабидің жастық шағы жайлы: Әкесі Насырды жасық мінезді қағаз көшіргіш яки әркісіге жарамсақтанып бәйіт шығарып біреуден алтын дирхем алса, біреулер жирене теріс айналатын өлеңші болып кете ме деп мазасызданатын. Ол сонау жас шағында, заманның тынышында Отырардағы ғаламат бай кітапхананың ішін емін-еркін жайлап, сол уақытта музыкант болуды армандайтын.	Осы арманын кейін жүзеге асырып, өзінің «Музыканың үлкен кітабы» (Китаб ал мусика ал-кабйр) атты 1200 беттен тұратын еңбегінде, бұл өнердің негізгі тоерияларын жазды. Ең қызығы ғалым, музыка өнеріне матемалика ғылыми арқылы келгені. Өз еңбектерінде: «геометрия мен арифметиканың мақсаты мен әрекет етуші себептері бар, сол сияқты музыкалық теорияда да мақсаттар мен әрекет етуші себептер бар» деген тұжырымға келген [7].
Романда Әл-Фарабидің әкесі ұлы жауынгер, әскербасы болғандығы және өзі жастық шағында ат құлағында ойнап, аң аулап, мерген садақшы, қылышкер атанғаны жайлы жазылады .	Бұл жайлы Әл-Фарабиді қазаққа танып, әлемге мойындатуда елеулі еңбек сіңірген ғалым Ақжан Манашов өзінің еңбегінде: «ол әрқашан әкесінің қасында болып, ол өлген соң оның орнын иемденсе де, қолбасшылықтан гөрі, ғылым жолын құған»- деп жазады, бұдан ғұламаның уақытша болса да қол басқарғанын және әскери өнерді жетік менгергенін білеміз [4].
Кітапта Әнуар Әлімжанов Әл-Фарабиді қарапайым адам етіп көрсеткен. Ол да ғашықтық сезімін бастан кешірген. Оның Әнида мен Бәну атты қос ғашығы болған. Әл-Фарабидің көптеген ғылымнан хабары барлығы, медицинадан да терең білгендігі, адамдарды емдегендігі туралы көптеген ақпараттар жазылады .	Әл-Фарабидің қарапайымдылығы және мейірімділігі жайлы көп айтылады. Солардың ішінде адамдарды тегін емдеуі. Кезінде Халифтың жеке дәрігері, кейін Сайф Аль-Давлы сұлтанның жеке емшісі бола тұра, ол құлдарды, шаруаны, саудагерлер сынды әр түрлі адамдардың шығу тегіне қарамай емдей берген .
Шаш қаласынан қашып, Бағдатқа жол тартқан ғалым, жолда «Сирия құмының жақұты», «Арабияның солтүстік шекесіндегі лағыл тасы» атанған атақты Тудмор қаласына тоқтап өтеді. Бұл қаланы өзінің	Ғалым өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» атты шығармасында қалалардың «Мейірімді» және «Надандық» деп аталатын екі түрі бар, екінші қалада ашкөз, ақша құмар, биліктен басқа ештеңе

<p>туып өскен Фараб (Отырар) қаласымен ойша салыстырып, Отырардың мәдениеті мен сұлулығы Тудмордың шенейіне де жетпейді деп топшалап, ізгілік қаласының негіздерін айтуға тырысқан .</p>	<p>ойламайтын надан адамдардан тұратын қоғам жайлы айтса, бірінші «Мейірімді» қала тұрғындарын адам денесімен салыстырып, адам денесі бір-бірімен байланысып, көмектесіп, өз денесін сақтайды, міне сондай қала ғана «Мейірімді» болады деп тұжырымдаған ғалым [8].</p>
<p>Кітапта Әл-Фараби егіншілер мен көшпелілердің өміріне қарап, өзінің жастық шағын еске алып, ой елегінен өткізеді. Жас кезінде өнердің тыныс-тіршілігіне, егіншілер мен көшпелілер тұрмысына онша мән бермегендіктен болар. Бойында күш қайнаған, саңқылдаған әсем дауысы бар, өз құрдастарынан білімі жағынан да, әскери өнері жағынан да артықшылығын сезінген жас жігіт, ол кезде ұрыс даласында ерекшеленіп, көзге түсуді немесе зиялы қауым алдында өзінің білімді екенін ақтарып көрсетуді тәтті арман ететін. Жастықта адам атакқұмар болады ғой, Отырардан кетіп, бар аңсары Бағдатқа жетіп, білімін жетілдіріп, халиф сарайында қызмет етуді мақсат қылған. Жастық шағындағы армандары тегіс орындалады.</p>	<p>Расында да Әл-Фараби (<i>Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки</i>) өзінің өмірінде музыка, астраномия, математика, медицина, геометрия сынды т.б. көптеген ғылымдардың дамуына үлес қосқан ғалым, балалық шағындағы армандарына жетіп, әлемнің «Екінші ұстаз» (<i>al-mu 'allim al - thānī</i>) атағына иемденді. Бос уақытында егіншілікпен, емшілікпен айналысып ұлылығымен қарапайымдылығын ұштастырған адам [4].</p>

Кітапта қаранғылық пен надандыққа толы саяси қақтығыстар өршіген жерден Әл-Фараби бейнесі, ұстаздың толғаныстары терең көрсетілген. Өз заманының әділетсіздікке толы екенін көріп, шындық жолын қуған ғұлама өз тағдырында көптеген қайғылы оқиғаларды бастан кешірсе де ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткендігі, ол өмірдің мәнін іздеп, суық логикаға сүйенген ғалым еместігі, қарапайым адами сенімдері бар адам екендігі көрінеді. Әнуар Әлімжанов ғұламаның ең нәзік жан күйігі, мәңгі жоғалтқан Отаны жайлы да естеліктер берген.

Қорыта айтар болсақ, Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» атты кітапты жазу барысында тарихи деректерге сүйеніп, Әл-Фарабидің бейнесін әлем халқына насихаттауға тырысқан. Жазушы ғұламаның тарихи портретін халыққа роман арқылы жеткізді. Автор кітапты жазу барысында тарихи материалдарға сүйеніп, сол кезгі халықтың тұрмыс-тіршілігін, ас беру мен жерлеу рәсімдерін, жігіттердің ант беру салтын, аңыздарын т.б. нәрселер арқылы сол кездегі қыпшақ (қазақ) өмірі мен тұрмысын анық көрсеткен. Кітапта тарихи деректер сәйкес келмейтін тұстар кездеседі, бірақ бұл кітап КСРО басшылығымен әр бір мақаладан бастап баспадан шыққан әрбір кітапқа дейін бақыланып отырған заманда жазылғанын ұмытпауымыз керек. Сол аласапыран заманда Әл-Фарабиді қазақ деп, оны бүкіл әлемге мойындатуға Ақжан Машанов сынды тұлғалармен бірге бірігіп күрескен Әнуар Әлімжановқа алғысымыз шексіз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы, 1991.
2. Қозыбаев М.Қ. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері //Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2 кітап. – Алматы: Ғылым, 1998,280 б.

3. Қамзин К. Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың 80 жылдығына арналған баяндама // Абай-ақпарат/abai.kz; Бекжан Б. Әл-Фарабидің өмірбаянын жазудағы олқылықтар.- Ақиқат.- 23 желтоқсан, 2013; Әуезов әспеттеген әлімжанов // Түркістан. - 22 сәуір, 2010

4. Нысанбаев Ә.Н., Құрманғалиева Ғ.Қ. Философ. Ғалым. Энциклопедист. // «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Әл-Фараби философиясы. 3-том. Астана: Аударма, 2005; Машанов А. Ж. Әбунасыр Фараби // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы Ғалымдары. - Алматы, 1964; Әл – Машани А. Әл – Фараби және бүгінгі ғылым. - Астана: «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Фарабитану. 16-том Астана: Аударма, 2006; Жұмат-Әлімашұлы Ж. Әбу Насыр – Әлемдік тұлға // Айқын.- 28 сәуір 2018; Сүлейменов П. Әл – Фараби қағидасы // Айқын. – 20 қаңтар 2018

5. Әлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы: Роман мен повестер. Орысшадан аударған С.Мұратбеков.- RS; Халықаралық Абай клубы, 2013.-312 б.

6. О происхождении философа Абу Насра Аль-Фараби. URL: <https://nomad.su/?a=15-201009200021>

7. Жұмагелді Нәжімеденов. Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабындағы ойлар»: монография. – Алматы, 2010

8. Сперанская Н.В. Эпистрофе как восстание. Добродетельный Град Аль-Фараби // Материалы семинаров по проблемам современной философии и социологии. - М., 2011. Вып. 2. С.186-190.